

Әуликөл ауданындағы Құсмұрын - II жер асты сулары кең орнының № 980201, № 980202, № 980203, № 980204 ұңғымалары учаскесінде санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 16 қазандағы № 452 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 27 қарашада № 4308 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қосымшаға сәйкес Әуликөл ауданындағы Құсмұрын – II жер асты сулары кең орнының № 980201, № 980202, № 980203, № 980204 ұңғымалары учаскесінде санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы
_____ С. Байменова

"Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды

реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай
бассейндік инспекциясы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ Г. Оспанбекова

Әкімдіктің
2013 жылғы 16 қазандағы
№ 452 қаулысына қосымша

**Әулікөл ауданындағы Құсмұрын – II жер асты
сулары кең орнының № 980201, № 980202, № 980203, № 980204
ұңғымалары учаскесінде санитарлық қорғау аймақтары**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I-белдеу		II-белдеу		III-белдеу	
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы
№ 980201, № 980202, № 980203, № 980204 ұңғымалар	Радиусі - әр ұңғыманың айнала- сында 50 метр	3,14 гектар	Ұзындығы – 189,5 метр Барынша ені – 100 метр	26,3 гектар	Радиусі - әр ұңғыманың айналасын- да 475,3 метр	230,4 гектар

Ескерту: "Қостанай облысының Әулікөл ауданындағы Құсмұрын – II жер асты сулары кең орнының № 980201, № 980202, № 980203, № 980204 ұңғымалары учаскесінің санитарлық қорғау аймақтары белдеулерінің негіздеу жобасы" картографиялық материалында санитарлық қорғау аймақтарының шекаралары көрсетілген (Тапсырыс беруші – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Еңбек-Қостанай" филиалы).